

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

**Құрметті әріптестер,  
Қазақ тілінің жанашыр-заңгерлер қауымы!**

2022 жылдың 23 желтоқсанында M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti мен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты бірлесе отырып, «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өткізеді. Конференция Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы, 8 мекенжайында орналасқан M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нде өтеді. Конференция жұмысын сондай-ақ ZOOM арқылы көріп, қатысуға болады. Сілтеме конференция жұмысына тіркелген барлық қатысушыларға өздері тіркелу кезінде көрсеткен электрондық поштаға жіберіледі.

**Конференцияға қатысу үшін <https://forms.gle/gXogBTAZercvV4ds9> сілтемесі бойынша тіркеліп, мақалаларыңыз болса 10.12.2022 күні кешкі сағат 17:00 ден кешіктірмей тіркелу формасына **word** форматта жүктеу керек.**

Конференцияға құқық саласындағы мемлекеттік тілдің проблемаларына қанық заңгер ғалымдар, ҚР Парламентінің депутаттары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, облыстық, аудандық соттардың судьялары, ҚР Әділет министрлігі, ҚР Бас Прокуратурасы мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, адвокаттар мен заң кеңесшілері, тіл жанашырлары, магистранттар мен докторанттар шақырылады.

Конференция тілі – қазақ тілінде.

**Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша жүргізіледі:**

### **1. Сот жүйесіндегі және заңгерлік көмек саласындағы мемлекеттік тіл мәселелері**

(Сот, прокуратура, адвокатура және жалпы әділет жүйесіндегі кадрлардың мемлекеттік тілді жетік білмеуі, сотқа азаматтардан, заңгерлерден, құқық қорғау және мемлекеттік органдардан өтініштер мен талап арыздардың негізінен орыс тілінде түсуі, сот жүйесінде мемлекеттік тілдегі сот актілерінің үлгілерінің толық қолданылмауы, құжат айналымдағы қазақ тілінің үлес салмағының аздығы, азаматтарға құқықтық көмектің орыс тілінде көрсетілуі және т.б.).

### **2. Заң шығару және құқықтық білім беруде мемлекеттік тіл мәселелері**

(Заң жобаларының орыс тілінде әзірленуі, терминологиялық бірізділіктің жоқтығы, заңдардағы аударманың сапасыздығы, қазақша заңдардың түсініксіздігі. Сондай-ақ, заң факультеттерінде қазақ тілді оқытушы тапшылығы, терминологиялық жүйесіздік, қазақ тіліндегі оқулық, оқу- әдістемелік құралдардың жоқтығы және т.б.) .

Әр секция бойынша баяндамашылардың саны шектеулі.

### **Конференцияның нәтижесінде іске асырылатын жұмыстар:**

1. Конференцияның бірлескен қарары (резолюциясы) қабылданып тиісті мемлекеттік органдарға жіберіледі;
2. ҚР Парламенті, ҚР Әділет министрлігі, ҚР Бас Прокуратурасы, ҚР Жоғарғы Соты, Құқық факультеттері және адвокатура мен заң кеңесшілері өкілдерінен құрылатын «Қазақстан Республикасының құқық жүйесінде (заң шығару, прокуратура, сот жүйесі, құқықтық көмек және құқықтық білім беру салаларында) мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту» жөніндегі жұмыс тобын құру;
3. «Қазақстан Республикасының құқық жүйесінде (заң шығару, прокуратура, сот жүйесі, құқықтық көмек және құқықтық білім беру салаларында) мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту» жөніндегі жұмыс тобының іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
4. Конференция материалдарын электронды жинақта жариялау.

### **Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

Конференция материалдарының жинағында жариялауға ұсынылған ғылыми мақалалардың түпнұсқалық нормасына сәйкестігі «turnitin» жүйесінде тексеріледі.

Файлдың атауында автордың тегін көрсету қажет. Мақала көлемі толық 10 параққа дейін келесі талаптарға сай рәсімделуі тиіс: MS WORD (2003, 2007) редакторында терілген, шрифт Times New Roman; кегль 12; 1,0 интервал арқылы; сол жағы – 2 см, оң жағы – 2 см; жоғарғы көлемі – 2 см, төменгі көлемі – 2 см.

Бірінші парақта бірінші жолда – ортасынан баяндама тақырыбы бас әріптермен (қою шрифтпен); бір интервалдан кейін автордың тегі мен инциалдары (болса ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы), жұмыс орны жазылады; бір интервалдан кейін жаңа жолдан (абзац 0,8) мақала мәтіні басталады.

Мәтіндегі әдеби қайнар көздерге сілтемелер сол бетте мәтіннің астына ретімен қолданыстағы стандартқа сай рәсімделеді, мысалы: <sup>1</sup> Қасқабаев Қ.Т

Әдебиеттер тізімі 1 интервалдан кейін мақала соңында қолдану ретімен жазылады.

### **Үлгі:**

Әдебиеттерге сілтеме: (Times New Roman, 10 пт)

<sup>1</sup> Қасқабаев Қ.Т. Саяси партиялар және қазіргі мемлекеттегі құқық. Алматы, Жеті жарғы, 1998. - 285.

<sup>2</sup> Жаманқұлов Н.С. Қазақстан Республикасындағы Азаптауларға немесе қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалаудың басқа да түрлеріне қарсы БҰҰ Конвенциясын имплементациялау // Абай университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. – 2011. – № 1(61). – 30-38.

<sup>3</sup> «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-І Заңы // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000349> Соңғы қаралған күн 12.10.22

Конференция еңбектерінің жинағы тікелей көшіру әдісімен теріледі. Мақала мәтіні өңделмейді, мақаланың ғылыми мазмұны, жазылу стилі мен грамматикасы үшін жауапкершілік автордың өзінде. Ұйымдастыру комитеті жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін материалдарды немесе **10.12.2022 күні кешкі сағат 17:00-**ден кейін келген мақалаларды қабылдамауы мүмкін.

**Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:** Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы. 8, M.S. Narikbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti-нің бас ғимараты. Байланыс үшін эл.пошта – [gazaquyq@gmail.com](mailto:gazaquyq@gmail.com)

01/17.11.2022 № 04-05/1577

*Е. Ахметов*  
*Ж. Ахметов*  
*С. Пен*

**Жоғары оқу орындарының  
Ректорларына**  
(тізім бойынша)


2022 жылдың 23 желтоқсанында M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты бірлесе отырып, «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» тақырыбында бірлескен ғылыми-практикалық конференция өткізеді.

Конференцияға құқық саласындағы мемлекеттік тілдің проблемаларына қанық заңгер-ғалымдар, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, облыстық, аудандық соттардың судьялары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Бас Прокуратурасы мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, адвокаттар мен заң кеңесшілері, тіл жанашырлары, магистранттар мен докторанттар шақырылады.

Осыған орай, Сіз басқарып отырған жоғары оқу орнының тиісті профессорлық-оқытушылық құрам өкілдерін осы конференцияға қатысуға шақырамыз!

Байланыс үшін Ұйымдастыру комитетіне мына нөмір бойынша хабарласыңыздар: +77017449990.

Провост (Ректор)



С. Пен

## Список :

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Казахский национальный педагогический университет имени Абай  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан  
Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова  
Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова  
Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова  
Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова  
Западно-Казахстанский государственный университет имени М. Утемисова  
Университет имени Сулеймана Демиреля  
Карагандинский государственный индустриальный университет  
Карагандинский государственный университет имени академика Б. Букстова  
Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова  
Костанайский государственный университет имени А. Байтурсынова  
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата  
Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова  
Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева  
Таразский государственный университет имени М. Дулати  
Университет Шакарима  
Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова  
Каспийский государственный университет технологий и менеджмента имени Ш. Есенова  
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана  
Университет КИМЭП  
Международная образовательная корпорация  
Университет Хархоз  
Жезказганский университет имени О.А. Байконурова  
Международный казахско-турецкий университет имени Х. Ясауи  
Nazarbayev University  
Almaty Management University  
Caspian University  
Академия «Болашақ»  
Академия «Кайнар»  
Академия экономики и права имени У. Джолдасбекова  
Бантов Университет  
Евразийская юридическая академия имени Д. Кунаева  
Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак»  
Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова  
Университет «Болашақ»  
Университет «Сырдария»  
Университет «Туран»  
Университет «Туран-Астана»  
Университет Алматы  
Университет международного бизнеса  
Международный университет «Астана»  
Казахский национальный аграрный университет